

ӘОЖ 930

## **XIX Ғ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

**Аманбекова Сабина Ерлановна**

Sabina.amanbekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің IV курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Батталов К.К.

Бүгінгі Отандық тарих ғылымының алдында тұрған мәселенің, бірі XIX ғасырдағы қазақ халқының шаруашылық жағдайы мен дамуының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу. Тарихымыздың тағылымдық тарауына баса назар аударылып отырған қазіргі кезеңде қазақтың дәстүрлі мал шаруашылық салаларының XIX ғасырдағы даму эволюциясы ғылыми тұрғыдан зерделеуді қажетсінуде, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік дамуындағы өзгерістер – осы шаруашылық экономикалық жағдайға негізделіп, бастау алатындығын ескерсек, бұл мәселені зерттеудің өзектілігі тереңдей түседі.

Шаруашылық, біріншіден – қарастырып отырған кезеңдегі қоғамдық укладтың өндіріс тәсілі, өндірістік қатынастар жиынтығы болса, екіншіден, сол қоғам мүшелерінің тіршілік тәсілін, өмір сүру жағдайын жақсартып, өтеру үшін адамдар қолданатын табиғи, әрі адам қолымен жасалған құралдар жиынтығы. Қазақтардың шаруашылық-экономикалық өміріндегі негізгі мәнді өзгерістер XIX ғасырда жүзеге асады. XIX ғасырдағы қазақтар тарихында шаруашылық дамуы ғылыми қызығушылық туғызады. Өйткені, жалпы қазақтың көшпелі мал шаруашылығы дамуындағы кедергілі қиындықтар мен қайшылықты дағдарыс құбылыстарының сыры Кіші жүз жерін Ресейдің "өз жері" деп жариялауынан бастау алады [1]. XVIII ғасырда-ақ Ресей Еділ-Жайық аралығын "қазына жері" деп, әркімге үлестіріп, отарлық езгіні шығарған. Оған қоса қазақтардың шапқыншылығы, сұлтан, байлардың орыс офицерлерімен бірігіп елді талауы, Кіші жүзді әлсірету мақсатында феодалдардың өзара қырқысына тиым салынбауы, хан өкіметінің дәрменсіздігі, қоныс, егін салуға тиым жасалуы,

сұлтан, байлардың малы өсуіне байланысты жердің тарылуы, т.б. қазақтардың өз ішінде, өз күшіне, мүмкіндігіне сенбестікті туғызды. Бұл көзқарас шаруашылықты қалпына келтіріп, дамытуға зиянын тигізді. Екіншілікпен, балық аулаумен айналысушы қазақтар жазаланып, қыстау салып, шөп шабуға тиым салынды.

XIX ғасырдағы қазақтар арасында жер мәселесі өте шиеленісті болды [2]. Жарамды жерлер помещиктер және сұлтан, билердің қолында болды. Оған қоса қазақтарды отырықшылықты және шаруашылықпен тұрақты айналысуды білмейтін халық деп есептеп, Энгель, Генс, т.б. қазақтарды өздерінше отырықшыландыруды көздеген. Бірақ, қазақтар отырықшылықты, мал бағып, егін салып, шаруашылықты жүргізуді өз тәжірибесіне сүйеніп дамытуға ұмтылған. XIX ғасырдағы қазақтардың бұл тәжірибесін зерттеп, жинақтап, пайымдаған еңбектер болмады. Сондықтан, шаруашылықтың даму барысындағы өзгерістер мұнда өзіндік жолымен жүрді. Бұл тақырыпты терең игеру қазақтардың шаруашылық өмірінің ерекшелігін анықтауға жол ашады. XIX ғасырдың басында-ақ Каспий теңізі бойын иеленсе халықты отырықшыландыруға көшетіндігін мәлімдеген Бөкейдің тұсында осы процесс басталып, өзіндік жолымен жүрген. Жер қатынастары, жерге иелік түрі өзгеруінің алғы шарттары XIX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ байқалды. Саяси жағдай өзгеруіне байланысты шаруашылықтың әр түрімен барынша тиянақты айналысуға мүмкіндік туып отырды. Бұл құбылыстың да белгілі бір ерекшеліктерімен айқындалатын, кезеңдерге, бөлінетін тарихы бар.

XIX ғасырда қазақтардың шаруашылық дамуының түрлі саласына қатысты маңызды мәліметтер беретін еңбектер жазған авторлар қатарына Я.Ханыковты, П.Небольсинді, Л.Плотниковты, П.Иванинді т.б. жатқызамыз. XIX ғасырдағы қазақтардың мал шаруашылығы тарихына қызмет жасаған бұл авторлардың еңбектері тарихымыздың барлық саласына өзіндік пікір білдіріп, талдау жасауымен ерекшеленеді. Қазақтың шаруашылық өміріне, тұрмысына әрқашан жаңашыр көңілмен қарайтын ұлдары М.С.Бабажанов және М.Ш.Бекмұхамедовтің шынайы тұрғыдан жазылған еңбектері пайдалы. Олар қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысындағы сыртқы жер қатынастарындағы шиеленістер мен қайшылықтар барысына, шаруашылық дамуындағы туындап отырған қиыншылықтарды, мал басы өсімі мен сапасының арасындағы кереғарлықты, малдың сапалы тұқымын өсірудің орын алған кемшілік себептерін, шаруашылық дамуындағы прогресті құбылыстың төмендеуін ашып көрсетті. Қазақтардың шаруашылық өмірінде XIX ғасырда орын алған өте маңызды оқиғалар қатарында жер қатынастары мен мал шаруашылығы дамуы ерекшеліктерінде сол ғасырдың өзінде қазақ тарихын зерттеген орыс авторларының басты тартысты мәселесінің біріне айналды. Бұл тақырыпта жазылған еңбек авторларының қатарына Н.Савичев, А.Алекторов, И.С.Ивановты жатқызамыз. Жалпы қазақтар шаруашылығы тарихымызда аз зерттелген мәселенің қатарында болса, соның ішінде қазақтардың мал шаруашылығын зерттеудегі қиындықтар алдымен архивтерде осы мәселеге қатысты материалдар тапшылығынан, екіншіден XIX ғасырдағы авторлардың бір қатар мәселелерді теріс түсіндіруінен туындады. Е.Бекмаханов XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтардың әлеуметтік- экономикалық жағдайдың шиеленісу себептерін жазды [3]. Қазақтардың отырықшылыққа көшуге, жер өңдеуге, мал шаруашылығына қолайлы жерлерге орнығып, пайдалануына кері әсерін тигізген патша үкіметінің саясаты сыналмаған. Сонымен қатар бұл еңбекте XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі шаруашылықтың дамуы мен жақсы өзгерістері туралы айтылмайды. Академик М.Қ. Қозыбаевтың XIX ғасырдың екінші ширегіндегі Бөкей хандығының экономикалық өмірінде прогресті құбылыстардың болғандығын теріске шығармайды. Қазақтардың шаруашылық эволюциялық дамуындағы негізінен маңызды өзгерістер кезеңі болған XIX ғасырды камтиды. XIX ғасырдағы қазақ халқының мал шаруашылығын саралауда негізгі деректер – тарихи жазба материалдар екені даусыз. Әйгілі зерттеуші-ғалымдар И.Г.Георги, П.С.Паллас, А.И. Левшин, Г.Н.Потанин, Г.Е. Грум-Гржимайло, В.В. Радлов, С.И.Вайнштейн, қазақтың этнолог ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі деректер қолданылды. Қазақтың зерттеуші

ғалымдары Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, У.Х. Шалекенов, Ә.Т. Төлебаев сияқты ғалымдардың дәстүрлі шаруашылыққа қатысты мәліметтері пайдаланылды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ шаруашылығының негізгі саласы, бұрынғыша көшпелі мал шаруашылығы болып қала берді. Алайда бұл кезде, әсіресе Қазақстанның оңтүстік және солтүстік облыстарында, қазақтардың егін шаруашылығына көшуі күшейе түсті. Егіншілікпен шұғылдануға көбінесе кедейленген шаруалар көшкен. Олар егінші деп аталды. Шаруалар тары, арпа, шынара, бидай еккен [4]. Арпа, бидай, ас екекн. Ерте заманнан келе жатқан қазақтардың шаруашылығының негізгі саласы көшпелі мал шаруашылығы еді. Олар жылқы, түйе, қой және ешкі өсірумен айналысқан. Көшпелі мал шаруашылығының өзіне тән ерекшелігі – оның көшіп жүретіндігі. Жас шөп қылтиып көрінісімен қазақтар ерте көктемде көше бастаған. Олар әуелі көктемгі жайылымға (көктеу) көшіп барған, мұнда ыстық түскенге дейін болып, сосын шөбі шүйгін, суы мол жазғы жайылымға (жайлау) қоныс аударған. Жазғы жайылымнан қазақтар күзгі жайылымға (күздеу) орын ауыстырған, ал қараша айында қысқы қонысқа (қыстау) көшіп барып, күн жылынғанға дейін, әдетте наурызға дейін сонда тұрған. Ерте заманнан бері қазақтар жақсы жайылым үшін қырқысып келген.

XIX ғасырдың бас кезінде жекелеген рулар арасында көшу жолдарын, жазғы жайылымдарды және қыстақтарды бөлу негізінен алғанда аяқталды. Қыстақтар жазғы жайылымдармен ара қашықтығы көбінесе жүздеген шақырым қашық болатын. Қазақтардың мал шаруашылығы жағдайына байланысты көшу жолының шалғайлығын көрсететін бір мысал, кеңесші Идрисов келтіргендей: Шөмекей руы ауылдарының бір бөлігі Сырдария және Қуандария өзендерінің бойында, екінші бір бөлігі Қызылқұмда қыстаған. Бұл ауылдар өз қыстауларынан шамамен алғанда сәуір айында көшіп, маусымның бас кезінде Тобыл өзеніне, Құм және Ұлқияқ өзендеріне дейін ұзын саны 1500 шақырым жер жүретін. Кеңесші Идрисов бұл жазғы жайылымдарға қазақ ауылдарының бәрі бірдей жете алмайтындығын атап көрсетті. Ашмарин былай деп жазып, дұрыс атап көрсетті: Әр қазақ руында өзінің белгілі бір көшетін жолы бар Оның бағыты тек топырақ немесе климат жағдайына ғана емес рулық қатынастарға да байланысты. Егер қазақ руларының көшіп жүретін белгілі бір аймағы, қыстағы, күздік қонысы болмаса, олар мүлде мал ұстай алмас еді. Гәп жазғы жайылымдар мен қысқы қоныстардың мал шаруашылығының белгілі бір талаптарына сай келуге тиіс екендігінде. Жазғы жайылым үшін шұрайлы шөбі мен тұщы суы мол жер таңдап алынады [5].

Әсіресе қысқы қонысты таңдап алуға қойылатын талап ерекше болды. Қысқы қоныс қар болып қалмайтын, бораннан ықтасыны бар жерден таңдап алынады. Қыстақтың жұқа қар жамылғысының астында қалған, мал жейтін шөбі жеткілікті болуға тиіс. Жұртқа мәлім, қазақтардың жылқысы мен қойлары жыл бойы далада жайылып жүреді. Қыста мал тебінде болады, яғни қардың астында қалған шөпті тұяғымен аршып жейді. Қазақтар қысқы қоныстарын жазғы уақытта тапталудан мұқият қорғайды. Аға сұлтан Мұса Шорманов Сібір өкімет орындарының талабы бойынша арнайы берген жазбасында былай суреттейді: “Ірі қара мал қысқы уақытта қамысты, селеулі, шилі шабындықтарда, қойлар мүгі, жусаны бар таулы аймақтарда және ойпаң, сортаң жерлерде, түйелер шиі, қияғы, көгі бар таулы өңірлерде жайылады. Ал жылқы жазда шөбі тапталмаған жерлерде бағылады.”

Қазақтар шаруашылығының жайылымдық-көшпелі жүйесі экстенсивті сипатта болды. Малшы қазақтың тағдыры ең алдымен табиғат жағдайына тәуелді еді. Қазақтардың малының көбі, дүркін-дүркін қайталанып тұратын жұттан қырылды. Қазақтар әдетте қысқы уақытқа шөп дайындаумен айналыспады, мұның өзі олардың климат жағдайына тәуелділігін едәуір арттыра түсті. Феодал шонжарлардың қауымдық жерлерді тартып алуы және патша өкіметінің орталық басқыншылығы қазақтар айналысатын мал шаруашылығының сипатына кейбір өзгерістер енгізді [7]. Жазғы жайылымдар мен қысқы қоныстардың маңызды аудандарын өкімет орындарының басып алуы негізгі қазақ рулары көшетін жолдардың бағыт-бағдарын бұзды. Соның салдарынан әр түрлі қазақ руларының ауылдары араласып, бірге көшетін болды. Шаруалардың жағдайы бұрынғы ауыр күйінде қала берді. Көптеген

шаруалар күйзелді. Осыған байланысты сырт кәсіпке кету пайда болды. Күйзелген шаруалар, байқұстар, балық аулу кәсібіне кетті. Бай аруаларға малшы болып жалданды. Сырт кәсіпке кетушілердің жалпы саны XIX ғасырдың ортасында 20 000 адамға жеткен.

Қазақстанда сауда да дамыды, әсіресе ол Россиямен қызу жүргізілді. Орыс көпестері Қазақстаннан жыл сайын 3 млн. дейін қой сатып алып отырда [6]. Олар көбінесе ірі-ірі сауда істерін жүргізуші байлармен қарым қатынас жасады. Олардың өздерінің мал сатып алушы, приказчиктері мен агенттері болды. Қазақстаннан тері, қой терісі елтірі, кілем, киіз басқа да товарлар көптеп сатып алып тұрған. Россиядан Қазақстанға мақта-маталары, металл және былғары бұйымдары, кенеп, шәй, қант, ағаш ыдыстары әкелінді. Егер бұрын Қазақстанда орыс көпестері сауданы айырбас түрінде жүргізген болса, енді товарлардың көпшілігі ақшаға сатылатын және сатып алынатын болды. Қазақстанның шаруашылығында ақшаның маңызының өсуі халық мақалдарында да: “Ақшалының қолы ойнайды, ақшасыздың көзі ойнайды”, “Ақшаны жолдан тауып алсаң да санап ал”, - деп айтылған.

Қазақтардың мал шаруашылығын талдамас бұрын үш жүздің – Ұлы, Орта, Кіші жүздердің қоныстарының жағрафиялық орналасуын қысқаша еске түсірейік. Ұлы жүз Жетісу, Әулиеата, Шымкент облыстарының жерін алып жатты және Дулат, Жалайыр, Албан, Суан, Шапырашты, Ысты Серғалы, Ошақты, Қаңлы және Шанышқы деп аталатын негізгі рулардан құралды. Ю. Южаков жинаған мәліметтерге қарағанда Ұлы жүзде шаңырақ саны 95000-ға жетті, ал Аристовтың мәліметтері бойынша халық саны 550000 адамға жетті. Ал Орта жүз Семей, Ақмола облыстарының, Сырдария, Жетісу облыстарының бір бөлігінің жерін алып жатты. Орта жүз жерін мекендеген барлық рулар мен ру тармақтары Арғын, Найман, Керей, Уақ, Тарақты, Қыпшақ және Қоңырат деп аталатын жеті ру бірлестігінің құрамына кірді. 1833 жылы подполковник Бутовский жазған статистикалық суреттемеге сәйкес, Орта жүзде 116500 шаңырақ болып, халық саны 468000 адам болды. Енді кіші жүз болса Сырдария өзенінің төменгі сағасынан Орал және Тобыл өзендеріне дейінгі аумақты алып жатты. Кіші жүз жерін мекендеген толып жатқан рулар мен ру тармақтары үш ұрпақтың – Байұлы, Жетіру және Әлімұлы ұрпақтарының құрамына кірді. Кіші жүздің шығыс бөлігін осы рулармен қатар Арғын руының Айдарқы, Қырықмүлткі, Шақшақ секілді кейбір тармақтары мекендеген. Полковник Бларембергтің мәліметіне сүйенсек XIX ғасырдың Кіші жүз халқының саны 500000-ға, ал шаңырақ саны 100000 деп анықталған [8].

Жайылымдық жер іздеп жүріп әр түрлі рулардың араласып кеткені туралы Орынбор әскери-губернаторы Эссен граф Нессельродаға былай деп жазды: “Қазақ даласында ру тұтас ру болып табылмайды... бұған олардың өзбастықтарына бағынышты болуы шартының көп себебі тиді”. Жердің тапшылығы көшу аймағының өзгеруіне және әр түрлі рулардың араласуына себеп болды. Өкімет орындары мен феодал шонжарлардың жақсы жайылымдарды тартып алуы салдарынан, әсіресе шекара шебіне жақын орналасқан қазақ руларының бір бөлігі жартылай отырақшылық өмір салтына көшеді. Бұл рулар қысқа қарай өз малдарына шөп дайындай бастайды. Жазда жайлауға көшуді жалғастыра береді. Орынбор ведомствосы қазақтарының шөп шабуға және тұрақты қысқы қоныстар салуға көшуі туралы шөп бойындағы қазақтардың қорғанышы Белозеров те былай деп жазды: “Мұндағылар қысқы уақытқа арнап шөп шабады және тезек дайындайды, ал күздің бас кезінде қысқы қоныстарына біржола көшіп келіп, мұнда бүкіл қыс бойы, көктемге дейін тапжылмастан отырады және ұсақ малдарын қораларда жеркепе сияқты қазылған шұңқырларда сақтайды.”

Көшпенді қазақтардың тұрақтанып шөп шабуға көшкендігін Қазақ даласының солтүстігіндегі шет аймақтарын аралаған А.К. Гейнс те өз жазбаларында көрсеткен. Ол өз жазбаларында былай деп жазады: “Бірнеше киіз үйдің иесі болған қазақ жұтта көп малынан айырылды, сол себепті оның көп малды азықтандыра алатын қыстағы енді өзінде қалған малды сақтауға қолайсыз бола бастады. Бұдан былай, деді ол бізге, – менің малымның азайып қалғаны соншалық, отбасымның көмегімен қажетті мөлшерде шөп шауып алып, өзімді кездейсоқ жағдайларға ұрынудан қамтамасыз ете аламын”.

Сөйтіп қазақтардың шөп шабуға көшуі мал шаруашылығына белгілі бір тұрақты сипат берді, оның қолайсыз табиғи жағдайларға қарсыласа алуын күшейте түсті. XIX ғасырдың

бас кезінде қазақтардың шөп шабуға көшуіне байланысты және шекаралас орыс халқымен сауда байланысын күшейте түсу арқасында малдың кейбір түрлері ерекше маңызға ие бола бастады. Мал шаруашылығының негізгі саласы қой шаруашылығы болып қала берді. Орта Азия саудасының тарихын зерттеуші белгілі ғалым А.Н. Тетеревников былай деп жазды: “Қазақтардың экономикалық тұрмысында қой ең маңызды рөл атқарады. Бұл малды орыс көпестері де, ортаазиялық көпестер де өте бағалайды”. Әсіресе ірі қара малдың маңызы айтарлықтай арта бастады. Ірі қара малдың тебінге бейімделмегені себепті Орта және Кіші жүздердің қазақтары ХІХ ғасырға дейін оны өсіру ісімен аз айналысты.

Біздің археолог және этнограф ғалымдарымыз кейінгі кездерде: Еділ, Жайық, Амудария, Сырдария, Шу, Талас өзендері мен Жетісу жеріндегі өзендер төңірегіндегі көне заманда қазылған арықтардың, егістік танаптардың іздерін тауып жүр. Соларға қарап, көшпелілер де солардың ішінде қазақ та ерте заманнан егіншілікті кәсіп еткен деген жорамал жасайды. Көшпелілердің, олардың ішінде, қазақтың көне заманнан бергі ең көп өсірген малы және төрт түлік малдың ішіндегі қастерлеп, пір тұтқаны жылқы. Қазақ өлкесіне қай кезде, қай жақтан саяхатшылар келмесін, бәрінің де айтқаны осы. Жылқы ең алдымен, сол жаугершілік көне заманның талабына сай өте құнды мал ретінде саналады. Себебі ол кезде жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға одан ыңғайлы мал болмаған. Атты әскер жаяудан басым болған.

Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ төрт түлік малдың сыр-сипаты мен жай күйіне қанық еді. Қазақ малшылары қоралы қойды түсінен айырады, бір көрген атын неше жылдан кейін жазбай таниды. Олар үнемі мал сойып отырғандықтан малдың барлық денесінің анатомиялық құрылысы жөнінде мол білімге ие болды. Малдың барлық үлкенді-кішілі сүйектері мен өкпе-бауыр, ішек-қарын, ет, сіңір, тамыр, жүйке, тарамыс, бездеріне дейін бәрінің атын, тұрған орнын анық білетін. Олар түрлі малдарда болатын ауруларға да әбден қанық еді.

Қазақ мал дәрігерлерінің білімі – халқының ғасырлар бойы жинаған тәжірибе негізінде қалыптасты, дәрігерлік көбінесе атадан балаға мұра болып қалып отырды. Қазақ мал дәрігерлері ауырған малды түрлі дәрі-дәрмек арқылы емдеді. Асқынған аурулар мен жараларды емдеуде пышақпен сылып тастау әдісі жиі қолданылды. Жылқыдағы алақарақ, шеміршек, ботадағы қос кіндік, қойдағы түйнек ауруларын операциялау арқылы емдеді. Жылқының маңқасын тамақ безін сылып тастап, кеңсірігін кесіп, алмас салу арқылы жазды [9]. Қазақ мал дәрігерлері мертікті, сынған сүйектерді таңуға өте шебер келеді. Олар еркек малдарды пішу жұмыстарын да істеп отырады. Оңтүстік аймақтың шөлейтті аудандарында ертеден-ақ түйе өсіруге кең көңіл бөлінетін. Бұл араның климаттық жағдайы түйе өсіруге қолайлы болды. Өлкеде бір өркешті нар түйеге қарағанда, екі өркешті айыр түйелер көп тараған. Қазақтар түйені өздерінің тұрмысында көлік ретінде пайдаланып қана қоймай, Ресей мен Орталық Азия хандықтары арасындағы сауда керуендерінде жүк тасымалдау үшін жалға беріп отырды [9]. Мүйізді ірі қара малдары да қазақтардың шаруашылық өмірінде айтарлықтай рөл атқарды. Егер сиырдың сүті мен еті негізгі азық-түлік қорын құраса, өгіздер-транспорт және егіншілікте күш-көлік ретінде пайдаланылды. ХІХ ғасырдың ортасына қарай жайылымдық жерлердің тарылуы шаруашылықтың жартылай көшпелі бағытының жедел дамуына әкеліп, шөп дайындау мен астық өсіру маңызды рөл атқара бастайды [10]. Қазақтар астық жинап, шөп шабу үшін қыстық қоныстарына қайта оралатын болды. Бірсыпыра қазақтар тобы қыстақтарда алты айға дейін отырып, жазғы жайлауға жақын жерлерге көше бастады.

Ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ анық байқалған жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі ықтасынды, тебіндік жерлердің маңызын арттыра түскен. Рулардың бқлімдері бытыраңқы орналасып көшіп-қону аумағы шектеле түскен бөлімдердің шаңырақ саны азаяды. Рулар орналасуына байланысты хандықта пайда болған үш шаруашылық ауданға орайлас қоныстанды. Әрбір рудың маусымдық жайылысты пайдалануы осы аудандар шеңберінде жүруі, көшу маршруттарының шектелгенін көрсетті.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2002, 154 б.
2. Қазақстанның көне тарихы. – Алматы, 1993, 211 б.
3. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. –Алматы, 1994, 74 б.
4. Асфендияров С. Қазақстанның тарихының очерктері. – Алматы, 1994, 119б.
5. Сулейменов Б.С., Басин В.Я Казахстан в составе России в XVIII-XX вв., – Алматы, 1981, 34 б.
6. Галузо П.Г. Очерк Советской историографии аграрных отношений в Казахстане. – Алма-Ата, 1971, 144 б.
7. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики... – СПб., Ч.1. – 1965, 262 б.
8. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России, – М., 1967, 57 б.
9. Добросмыслов. Скотоводство в Тургайской области. Оренбург, 1985, 127 б.
10. Россия. 19-том., Киргизский край. СПб, 1913, 48 б.